

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Профессор А.А.Молдажанованы еске алуға арналған «XXI ғасырдағы педагогикалық білім беру: басымдықтар мен ізденістер» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының

**ЖИНАҒЫ**  
**7 - қазан, 2022 ж.**

Астана, 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Профессор А.А.Молдажанованы еске алуға арналған «XXI  
ҒАСЫРДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ: БАСЫМДЫҚТАР  
МЕН ІЗДЕНІСТЕР» тақырыбындағы Халықаралық ғылыми-  
практикалық конференция материалдарының

**ЖИНАҒЫ**

**7 - қазан, 2022 ж.**

**СБОРНИК**

материалов Международной научно-практической конференции  
«ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ В XXI ВЕКЕ: ПРИОРИТЕТЫ И  
ПОИСКИ» посвященная памяти профессора А.А.Молдажановой  
7-октября, 2022 г.

**COLLECTION**

Collection materials of the International scientific and practical Conference  
«PEDAGOGICAL EDUCATION IN THE XXI CENTURY: PRIORITIES AND  
SEARCHES» dedicated to the memory of professor A.A.Moldazhanova

**October -7, 2022 y.**

**Астана, 2022**

**ӘӨЖ 37.0**  
**БКК 74.00**  
**П 82**

**Редакция алқасы:**

**Ж.Д.Курманғалиева** - Басқарма мүшесі - Ғылым, коммерциаландыру және интернационалдандыру жөніндегі проректор, **Б.Ж.Сомжүрек** - «Әлеуметтік ғылымдар» факультетінің деканы, **М.П.Асылбекова** - «Педагогика» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., профессор м.а.; **Б.П.Сейітқазы** - п.ғ.д., профессор; **Қ.Т.Атемова** - п.ғ.д., профессор; **Т.С.Сламбекова** - п.ғ.к., профессор м.а.; **С.С.Байсарина** - п.ғ.к., доцент; **Н.П.Албытова** - п.ғ.к., профессор м.а.; **Махадиева А.К** - PhD., **Балтабаева Ж.Б.** - магистр, **Қуатов А.К.** - магистр.

**ISBN 978-601-337-713-1**

Жинақта Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, «Профессор А.А.Молдажанованы еске алуға арналған «XXI ғасырдағы педагогикалық білім беру: басымдықтар мен ізденістер» тақырыбындағы Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының Пленарлық мәжілісінде және «Профессор А.А.Молдажанова және қазақстандық білім беру жүйесінің дамуы», «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобаны жүзеге асыру - Жаңа Қазақстанды дамытудағы басым бағыт», «Білім берудің ғаламдық мәселелерін шешуде адами ресурстардың бірігуі» деп аталатын секция жұмыстары бойынша тыңдалған баяндамалар қамтылды. -587 бет.

**ӘӨЖ 37.0**  
**БКК 74.00**  
**П 82**

**ISBN 978-601-337-713-1**

«Профессор А.А.Молдажанованы еске алуға арналған «XXI ғасырдағы педагогикалық білім беру: басымдықтар мен ізденістер» тақырыбындағы Халықаралық ғылыми-практикалық конференция.

**@Астана, 2022**

5.Равен Дж. Компетентность в современном обществе. Выявление, развитие и реализация. -М., 2017. -126 с.

6.Ферхо С.И. Формирование профессиональной компетентности учителей по использованию электронных учебных изданий в процессе обучения: автореф. ... канд. пед. наук. -Караганда, 2018. -26 с.

ӘӨЖ 371.03

## **БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТАРДЫҢ ЦИФРЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Шолпанқұлова Г.К.**

П.ғ.к., профессор

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

**Ермекова М.**

8D01103 «Педагогика и психология», 1 курс докторанты

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

**Колумбаева Ш.Ж.**

П.ғ.к., профессор

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Білім беруде цифрлық технологияларды белсенді пайдалану білім беру үдерісінің барлық деңгейлеріндегі кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруға ықпал етеді. Құзыреттіліктің қалыптасуы білім беруді ақпараттандырумен тығыз байланысты. Білім беруді ақпараттандыру қазіргі қоғамның қажеттіліктеріне негізделген оқу орындарын реформалаудың негізгі бағыттарының біріне саналады.

Қазіргі заманғы қоғамның, цифрлық технологиялардың және оқытудың инновациялық құралдарының жедел дамуы жаңа кәсіби білім мен іскерлікті, олардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру бойынша тәсілдерді қайта қарауды талап етеді.

Осы орайда, заманауи педагог-психолог цифрлық қоғамның экономикалық кеңістігінде ыңғайлы өмір сүруге және бәсекеге қабілетті болуға көмектесетін жаңа білім мен дағдыларды игеруге міндетті. Ол ақпараттық кеңістікте өте жақсы бағдарлануы, білім беру ұйымының жеке қажеттіліктері мен талаптарына сәйкес ақпарат алуы және жұмыс істей алуы тиіс, атап айтқанда: мәтіндік құжаттар, кестелер, диаграммалар, презентациялар, суреттер жасауы; Интернет-технологияларды қолдануы; сауалнама, диагностика, оқушыларды тестілеу, сондай-ақ желіде ақпарат іздеуді жүзеге асыруы; өзінің кәсіби қызметінде дайын электрондық өнімдерді (электрондық оқулықтар, оқыту бағдарламалары, көрсету бағдарламалары) қолдануы және біріктіруі және т.б.

Тәжірибені талдау нәтижелері көрсеткендей, болашақ педагог-психологтардың сандық дайындығы арнайы бағытталмай, көбінесе жеткіліксіз көлемде жүзеге асырылады, өздігінен қалыптасады. Осы талдаудың нәтижелері

болашақ педагог-психологтардың цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру үдерісін дамытудың қажеттілігін көрсетеді.

Қазіргі заман жағдайда ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы Интернетті пайдаланушылар санының өсуін, заманауи адамның өмірін жеңілдетуге арналған түрлі құрылғылардың пайда болуына алып келуде. Мұндай өзгерістер өмірдің барлық салаларына, соның ішінде білімге де әсер етеді. Педагог заманауи технологияларды еркін меңгеруі және оларды өзінің кәсіби қызметінде пайдалануы, сол арқылы білім беру үдерісінің тиімділігін қамтамасыз етуі тиіс.

Жалпы мамандардың кәсіби құзыреттілігінің маңызды құрамдас бөлігі ақпараттық технологияларды логикалық және жүйелі пайдалану қабілеті мен біліктілігін көздейтін цифрлық құзыреттілік болып табылады.

Бүгінгі таңда білім беру кеңістігінде ақпараттық технологиялар саласындағы оқытушының дағдылары мен құзыреттілігін сипаттау үшін ғалымдар көп жағдайда «цифрлық құзыреттілік» (digital competence), «цифрлық сауаттылық» (digital literacy), «ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілік» (information and communication technology competence, ICT competence) сияқты терминдерді қолданады., «медиакомпетенттілік» (media competence), «АКТ-сауаттылық» (ағылш. ICT literacy), «ақпараттық-коммуникациялық-технологиялық құзыреттілік» (ICT literacy) және т.б. ұғымдарын қолданады.

Кәсіби және цифрлық құзыреттілікті қалыптастыру, кәсіптік білім беруде цифрлық білім беру технологияларын және білім беруде ақпараттық технологияларды тиімді пайдалану, цифрлық білім беру технологияларын дамыту мәселелерін көптеген отандық және шетелдік ғалымдар зерттеді. Сондықтан «құзыреттілік», «ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілік», «цифрлық құзыреттілік» ұғымдарының мазмұны мен мәні және құрылымы қарастырылады.

Э.Ф.Зеер құзыреттерді бағыттарына қарай топтастырады: жалпы мәдени (мәдениеті, тілі, діні басқа өкілдермен қарым-қатынас жасау); әлеуметтік (этикалық, еңбектік, азаматтық қағидаларда қалыптасқан әлеуметтік жағдайды ескере отырып, тұлғааралық қарым-қатынасты ұйымдастыру); оқу танымдық (өз бетінше білім алу, өзін-өзі дамыту қабілеті); ұйымдастырушылық (іс-әрекетті басқарушы); арнайы (ақпараттық-техникалық құралдарды меңгеру, өзінің іс-әрекетін рационализациялау әдістерін білу) [1, б. 26].

Ш.М. Майгельдиева «құзыреттілік – әрекетті сапасымен жүзеге асыру қабілеті, кәсіби ішкі қасиеттерді орындау, мақсаттарға жету, нәтижелерді көру сияқты мәселелерді жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Ал құзырлылық – ол қоғамдық жағдайлар мен стандарттарға сәйкес белгілі бір әрекетті сапалы орындау» деп тұжырымдайды [2, б.311].

Қ.А. Аймағамбетова «құзыреттілік ұғымы білім, біліктілік, дағдының жай жиынтығы ғана емес, ол көптеген жүйелі жаттығулар нәтижесінде және игерілген сапалы білім негізінде болашақ маманның шығармашылық іс-әрекеттері мен құндылық бағдарларының жүйесінде көрсете алатын кәсіби іскерлігінің көрінісі», - деп түйіндейді [3, б.12].

Е.В. Яшкова, Л.В.Лаврентьева «құзыреттілік адамның кәсіби деңгейін анықтайды, ал құзыреттілікке жету маманның кәсіби қызметінің мақсатын құрайтын қажетті құзыреттерге қол жеткізуі арқылы жүзеге асырылады» - деп тұжырымдайды [4, б. 44].

А.Хуторской құзірет пен құзыреттіліктің келесі анықтамаларын келтіреді: «құзіреттілік – белгілі бір объектілер мен процестер шеңберіне сәйкес берілген және оларға қатысты сапалы өнімді қызмет үшін қажетті өзара тәуелді жеке қасиеттердің жиынтығын (білім, білік, дағдылар, қызмет әдістері) қамтиды; құзіреттілік – адамның тиісті құзыреттілікке ие болуы, оның жеке қарым-қатынасын қамтиды, ол және қызмет пәні болып табылады» [5, б.66].

Дж. Равен «құзыреттілік – бұл белгілі бір пәндік салада әрекетті тиімді орындау үшін қажет және жоғары мамандандырылған білімді, пәндік дағдылардың ерекше түрін, ойлау тәсілдерін және олардың әрекеттері үшін жауапкершілікті түсінуді қамтитын нақты қабілет» деп есептейді [6].

В.Н. Введенскийдің пікірінше, «құзыреттілік» – бұл жеке сапа, ал «құзырет» - нақты кәсіби және функционалдық сипаттамалардың жиынтығы» [7, б. 51].

С.А. Фаткулина, Т.М. Чернобай оқытушының кәсіби құзыреттілігін тұлғаның педагогикалық қызметке қабілеттілігі ретінде анықтайды; маманның кәсіби қызметке теориялық және практикалық дайындығы, нәтижелі әрекеті, кәсіби іс-әрекеттегі стандартты және проблемалық жағдайларды тиімді шешу [8, б.132].

А.А. Сергееваның пікірінше, кәсіби құзыреттілік – бұл адамның білім, білік, дағды жүйесін енгізуге қабілеттілігі мен дайындығы, белгілі бір жағдайларда міндеттерді ықтимал салдарлармен шеше білу, өз әрекеттері үшін жауапкершілік. Ал ақпараттық құзіреттілік – бұл кәсіби функцияларды сапалы орындау және оның қызметінің салдарын саналы түрде болжау үшін адам қызметінің әртүрлі салаларында ақпаратты алу және түрлендіру үшін білімнің, дағдылардың және дағдылардың жүйелі көлемін жүзеге асыру мүмкіндігі [9, б.64].

А. Спирин ақпараттық құзіреттілікті «адамның жалпы және кәсіби мамандандырылған құзыреттерді қалыптастыруға қатысты жеке қажеттіліктері мен әлеуметтік талаптарын қанағаттандыру үшін ақпаратты кепілдендірілген жеткізу және дамыту үшін ақпараттық технологияларды қолдану қабілеті ретінде анықтайды. Ақпараттық құзыреттілікті адамның информатика саласындағы кәсіби мамандандырылған құзыреттілігін қалыптастыру бойынша жеке қажеттіліктері мен әлеуметтік талаптарын қанағаттандыру үшін жеке тұлғаның расталған қабілетін түсінуді ұсынады» [10, б.45].

Сонымен, жоғарыда аталған ғалымдардың зерттеулеріне сүйене отырып, құзыреттілікті жеке тұлғалық, кәсіби қызметте мақсатқа жетуге бағытталған функцияларды тиімді орындауға немесе әрекет етуге мүмкіндік беретін білім, біліктілік, дағдылар мен қатынастарды қамтитын жеке сипаттама деп түсінеміз.

Қорыта келгенде, заманауи ақпараттық технологияларды қолдану екі әлемнің (нақты және виртуалды) қиылысында білім беру қызметін (ресми,

бейресми және ақпараттық) жүзеге асыруға ықпал етеді. Сонымен цифрлық құзыреттілік адамға заманауи ақпараттық кеңістікте табысты болуға, ақпаратты басқаруға, жедел шешім қабылдауға, маңызды өмірлік құзыреттерді қалыптастыруға мүмкіндік береді, оның құрамдас элементтеріне қосымша білім, дағдылар, қабілеттер мен қатынастар енеді, олардың ішінде АКТ-мен жұмыс істеудің техникалық дағдылары, көрсетілген ресурстарды оқу үдерісінде қолдану мүмкіндігі және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы білім беру және тәрбие үдерісін жоспарлау, талдау және басқару мүмкіндігі.

### **Әдебиеттер:**

1. Зеер, Э.Ф. Готовность преподавателей вуза к онлайн-образованию: цифровая компетентность, опыт исследования/Э.Ф.Зеер, Н.В.Ломовцева, В.С.Третьякова//Педагогическое образование в России . – 2020. – № 3. – С. 26-39.
2. Майгельдиева Ш.М. Болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін арттыруда өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру/ Ш.М.Майгельдиева, Г.К.Накыпова//Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «Қазақстандық қоғамның рухани-адамгершілік жаңғыруы жағдайында ғылыми-зерттеушілік және білім беру әрекеті әдіснамасының дамуы» атты халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары. – Алматы, 2017. – Б. 311-314.
3. Аймағамбетова Қ.А. Студенттердің кәсіби деңгейінің қалыптасуында ақпараттық құзыреттіліктің мәні/Аймағамбетова К.А., А.Н.Сейдуалиева//Абай атындағы ҚаҰПУ. Хабаршы «Педагогикалық ғылымдар» сериясы. – 2016. -№1 (49). – Б. 11-14.
4. Яшкова Е.В. Развитие профессиональной компетентности педагогов в контексте управления знаниями/Е.В.Яшкова, Л.В.Лаврентьева// Гуманитарные науки (г.Ялта). – 2019. – № 3 (47). – С. 44-49.
5. Хуторской А. В. Дидактика. – СПб.: Питер, 2017. – 720 с.
6. Raven J. Quality of Life, the Development of Competence, and Higher Education. Higher Education, 13, 3193-404, 1984.
7. Введенский В.Н. Моделирование профессиональной компетентности педагога//Педагогика. – 2003. – № 10. – С. 51-55.
8. Фаткулина С.А. Методическая работа как условие повышения профессиональной компетентности педагога/С.А.Фаткулина, Т.М.Чернобай //В сборнике: Повышение профессионального мастерства педагогических работников в России: вызовы времени, тенденции и перспективы развития. – 2019. – С. 132-136.
9. Сергеева А.А. Компетентность педагога в контексте требований профессионального стандарта//В сборнике: Актуальные вопросы науки и практики. – 2019. – С. 64-67.
10. Спирин А. Информационно-коммуникационные и информативные компетентности как компонента системы профессионально-специализированных компетенций учителя информатики//Информационные технологии и средства обучения. – 2009. – № 5 (13). – С. 45- 49.